

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271  
Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 31 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 640-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратын, оның филиалдарын және өкілдіктерін қоса алғанда жалпы штат саны 2587 адам болып белгіленсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ережеде:

23-тармақтың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымы негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары бар тізбесін, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жалпы штат санын бекітеді;"

24-тармақтың бесінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі ұйымдарының жарғыларын бекітеді;"

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің

2019 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 31 Жарлығына  
ҚОСЫМША  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2003 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 1271 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ҚҰРЫЛЫМЫ**

1. Орталық аппарат:
  - 1) департаменттер;
  - 2) басқармалар
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары:
  - 1) орталық филиал (Нұр-Сұлтан қаласы);
  - 2) республикалық маңызы бар қалаларда – Алматы мен Шымкент;
  - 3) Қазақстан Республикасының облыстық маңызы бар қалаларында;
    - 4) Алматы қаласындағы кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұйымдары:
  - 1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
  - 2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
  - 3) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдіктері